

Ақсу ауданы бойынша жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 ақпандағы N 91 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 23 ақпанда N 2-4-147 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 маусымдағы N 308 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 11.06.2012 N 308 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" № 836 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар практикасын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері арасынан тіркелген жұмыссыздар үшін уақытша жұмыс орнын ұсыну немесе ашу арқылы ұйымдастырылсын.

2. Еңбек рыногындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дүйсембаев

А қ с у

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 4

а қ п а н д а ғ ы

"Ақсу ауданы бойынша жастар
практикасынан өту үшін жұмыс
орындарын ұйымдастыру
туралы" N 91 қаулысына
қосымша

Жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

P/c N	Ұйымдардың тізбелері	Кәсіптер (мамандығы)	Ұйымдасты- рылатын жұмыс орындарының саны	Айлық жалақы мөлшері	Жұмыстың ай бойынша ұзақтығы
1	"Ақсу ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	қаржыгер	1	26000	6
2	"Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	қаржыгер, заңгер	2	26000	6
3	"Алматы облысының Ішкі істер департаменті Ақсу ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	заңгер	3	26000	6
4	"Қазақстан Халықтық жинақ банкі" акционерлік қоғамының 310200 Ақсу аудандық филиалы	қаржыгер	1	26000	6
5	Ақсу ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу су құбыры"	қаржыгер	2		6

	мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны			26000	
6	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Алматы облысы бойынша қазынашылық Департаментінің Ақсу аудандық қазынашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	қаржыгер	2	26000	6
7	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Алматы облысы бойынша Салық Департаментінің Ақсу аудандық Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	қаржыгер, заңгер	2	26000	6
8	"Қазпошта" акционерлік қоғамы Алматы облысының филиалы аудандық пошта байланыс торабы	қаржыгер, заңгер	2	26000	6
9	"Алатау" шағын несиелік ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақсу филиалы	қаржыгер	1	26000	6
	"Ақсу ауданы әкімінің				

10	аппараты" мемлекеттік мекемесі	заңгер	1	26000	6
11	"Ақсу аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	қаржыгер	1	26000	6
12	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтан- дыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті "Алматы облысының Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің Ақсу аудандық филиалы	қаржыгер	1	26000	6
13	"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы облысының Төтенше жағдайлар Департаменті Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	заңгер	1	26000	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК